



Ел жүргі - елорда шекіресі

АСТАНА АКШАМБЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Елді елең еткізген

«Кездесу орнын өзгертуге болмайды»

АҚШ президенті Дональд Трамп пен КХДР көсемі Ким Чен Йинның кездесуіне дайындық қызу жүріп жатыр.

Ақ үйдің баспасөз хатшысы Сара Сандерстің мәлімдеуінше, кездесудің орны мен уақыты өзгерген жоқ. Бірінші кездесу, алдын ала белгіленген кестеге сай, 12 маусым күні шамамен Сингапур уақыты бойынша таңертенгі 9-да (Астана уақытымен 07:00) басталуға тиіс. Бірақ ол журналистерге Ким Чен Йін жазған хаттың мазмұнын айттып беруден бас тартты. Сара Сандерс сол сияқты АҚШ-тың Солтүстік Кореяга салып отырған санкцияларын әзір алғып тастамайтынын да жеткізді. Бұл шешім КХДР ядролық қаруын толық жойғаннан кейін ғана қабылданады.

Маусымның 4-і күні Солтүстік Корея басшысының Америка президенті көлігінен кем түспейтін автомобиль іздестіріп жатқаны белгілі болды. Ал Трамп делегациясы Сингапурге президенттің Cadillac компаниясы шығарған машинасын жеткізіп береді. Сондай-ақ келіссөз жүргізу үшін белгіленетін бөлменің бірнеше есігі болуы керектігі де айтылып жатыр. Бұл бір лидердің екіншісін күтіп тұрмауы үшін қажет.



Иран қуатты қаруды қайта қолға алды

Әлемнің барлық алпауыт елдері білдірген қауіп расқа айналды – Иран уран байытуды қайта қолға алды.

Тегеран бұған бұдан бір айдай уақыт бұрын АҚШ-тың Иранмен ядролық келісім бағдарламасынан өз еркімен шығып кетуінен кейін барып отыр. Сол кезде мұның соны осыған аппаратынын Ресей, Қытай, Ұлыбритания, Германия және Франция басшылары ескертіп еді.

«Кеше біз Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікке ядролық бағдарлама контекстіндегі жұмысымызды бастайтынымыз туралы хат жолдадық. Бүгін агенттік оны алды. Соңдықтан бүгіннен бастап іске қайта кірісеміз» деді Иран атом энергиясы жөніндегі ұйым басшысы Әли Акбар Салехи. Ол сонымен бірге 6 маусымда Натанз қаласында жаңа центрифуга өндірісінің ашылатынын жеткізді.

Иранның рухани көсемі аятolla Әли Хаменеи 4 маусым күні атом энергетикасына жауап беретін министрлікке уранды байыту арқылы қуатын күшету үшін дайындалуға бүйрек берді. Ол елдің «бір мезгілде санкцияның астында қалып, бір жағынан ядролық бағдарламадан бас тартып» отыра алмайтынын ашып айтты.

Қытайдың тұстігі тайфунға тап болды

Қытайдың онтүстік жағалауы сейсенбіден бері күшті нөсер жауын мен қатты жел араласқан сұрапыл дауылдың астында қалды.

Елдің Гуандун провинциясын түгел шарпыған тропикалық тайфун осымен биылдыққа төртінші мэрте қайтара соғып жатыр. Ол Сьюйвэнь уезінің мұхит жағалауындағы аудандарына қаттырақ салмақ салды. Мұнда желдің қуаты сағатын 70 шақырымға дейін барған. Жергілікті билік бұл жерден 400-ден астам кемені қауіпсіз аудандарға қарай жіберген. Үкімет зардап шеккендерге 2,7 млрд доллар шамасында ақша бөлді. Синоптиker тайфунның бұдан ары Лэйчжоубанъдао түбегіне жылжып, бейсенбіде тұс ауа солтүстік-батысқа ауатынын айтады.